

**2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 161 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 наурызда № 5773 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 312 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 22.09.2017 № 312 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жаңақорған ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жаңақорған ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған ауданының әкімі*

*Ғ. Әміреев*

Жаңақорған ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 16 наурыздағы  
№ 161 қаулысына қосымша

**Жаңақорған ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		
		Мектеп жанындағы толық	Мектеп жанындағы жарты	

әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Балабақша	к ү н д і к шағын-орталықтар	к ү н д і к шағын-орталықтар	Дербес толық к ү н д і к шағын-орталықтар	Дербес жарты к ү н д і к шағын-орталықтар
1 Жаңақорған ауданы	3585	690	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ